


Сейдахмет ӘБДІРӘСІЛҰЛЫ

ӨМІР
БЕЛЕСТЕРІ





Сейдахмет ӘБДРӘСІЛҰЛЫ

ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

ББК 84 Қаз 7

Ә 80

Әбдірасілұлы С.

Ә 80 Өмір белестері — Алматы: “Үш Қиян”, 2008. 184-6.

ISBN 9965-738-54-8

Аға ұрпақ күрделі кезеңде өмір сүрді. Олар қын уақытқа байланысты талай ауыртпалықтарды бастанынан өткерді. Сонда да жасымай, халық, қоғам алдында адалдықтарынан бір сәт те айнаған емес. Кітап авторы басынан кешкен оқиғаларды саралай отырып, қарапайым тілмен нанымды баяндайды. Негізінен балаларына үлгі етіп, ғибарат алуды ұсынып отырады. Қандай қын уақытта да адам Адам болып қалу керек деген ой айтады. Аумалы, төкпелі заманда да әнпак арына дақ түсірмей адамгершілік пен кіслікті бәрінен жоғары қоя білген қарияның бастан кешкен оқиғалары мен түйген ойлары тек өз кіндігінен тараған үрпақтарының ғана емес, басқалардың да тәлім алуларына тұрарлық. Автор өзінің көргендері мен естігендерін ғана сөз етеді. Оқырманың жалықтырмай, жетелеп отырады.

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-738-54-8

©ӘБДІРАСІЛҰЛЫ С., 2008

СӨЗ БАСЫ ОРНЫНА

Бұгін-2003 жылдың 13 ақпаны күні.

Көптен ойда жүрген, бірақ бір сәті келмей жүрген шаруаны бастап қолыма қалам алдым. «Пысымылла деп бастайын сөздің басын»-деп баяғының адамдары айтқандай-іске сәт, Аллаһ қуат берсін!-деп кірістім.

Бұл шаруа менің өзіме, балаларыма, немерелеріме ғана қажет болар деп ойлаймын. Өйткені, мен, міне, 80 (сексен) жасқа толғалы отырмын. Осы сексен жылдың ішінде өмірде не көрдік, не түйдік, соны балаларыма жазып қалдырысам деген ой мазалай береді.

Енді қанша жасарымды бір Аллаһ ғана біледі. Егер жазамын дегенімді үлгеріп, бітіріп кетсем, онда Аллаһтың менің тілеуімді қабыл еткені.

Мен жазушы немесе журналшы емеспін. Сондықтан бұл жазайын дегенім «көркем» шыгарма емес, жай ғана өмірімнің еске түскен сәттері ғана.

Біздер бастан талай қын кездерді өткізген жандармыз. Соның ішінде-ашаршылық, соғыс, соғыстың зардабын жою секілді тауқыметтер бар. Қолынан келген адамға сол кезеңдердің әр күні бір-бір құнды хикаяның желісі болар еді.

Арманым-менің немере-шөберелерімнен де қалам тартар біреу шығып, менің осы жазғандарымды желі етіп, іске асырса екен. «Аллаһ соған жәрдем етсін!»-деп тілеймін.

I. БАЛАЛЫҚ ШАҚТАРЫМ немесе КЕРМЕК ӨМІРДЕ АШЫ САБАҚ

Мен-Әбдірәсілұлы Сейдахмет, 1923 -ші доңыз жыларының тары орағы кезінде дүниеге келіппін. Туған жерім-«Қаракөл» мен «Батырбек» жайлауларының бірі секілді. Өйткені мен туған «Шағыр Балғалы» руының ата қонысы сол жерлер болған екен.

Іле өзенінің оң жағасына қатар орналасқан бұл кең жазықтар «жайлау» десе шын мағынасындағы жайлау еді. Әрі кең, әрі шобі шүйгін, көбісі бидайық болып келеді (казір осы екі саз да бұрынғы кеңдігін жойып, тоғайға айналып барады).

Менің туған ауылымды қебіне ел «Қаракөл Шағыр» деп атайдын. Бірак, менінше ол ат аз ғана ауылдың аты болуы мүмкін. Өйткені, «Қаракөлден» жоғары «Батырбек», одан жоғары «Бояулы», одан жоғары «Бақанас» аталатын кең жайлау саздарында «Шағыр» аталатын «Балғалы» ата-балалары қоныстанған, қазір де солардың жері саналады.

Мен, біздің шанырактағы ұлдың кенжесі болуым керек. Өйткені, өзім ес білгелі басқа ұл жөнінде естіген емеспін.

Шешем-Әрік Кіікбайқызы он құрсақ (5 ұл, 5 қызы) көрген екен. Мен туғанша үш қызын ұзатынты да, төрт ұлын жерлепті. Әсіресе, Қожахмет, Молдахмет деген ұлдарын әңгіме етіп, олардың зеректігін, адамгершілігінің жоғары болғандығын айта беретін-ди.

Бұл екі ұлы-бірі 13, бірі-12 жасқа жеткенде, бір жетінің ішінде қайтыс болған екен. «Қожахметім Көжекпен жасты еді»-деп құрсініп отыратын. Сонда Қожахмет 1904 жылы туған, 1917 жылы қайтыс болған да, Молдахметі одан бір жас кіші, яғни 1905 жылы туған болып келеді.

Ұзатылған ұлken қызы Ақсұлу (ен тұңғышы, 1898 жылы туған), барған жері Батырбек жайлауына қарсы Іленің сол жағындағы «Базарбике» деген жерді қыстап отыратын «Сәрүйсіннің Жебеген-Күшікбай» деген аталары. Күйеуі Тәстембек дегеннің баласы Ақылбек. Онда қазір бары-Ақылбеков Мешітхан-менің жалғыз туған жиенім.

Ақылбек кең жауырынды, карулы адам. Ол кісінің біздің үйдің түйесімен қалаға тұз (ас тұзы) тартқанын көрдім. Сонда шөгіп жаткан түйенін үстіне «Алты қарыс ала қап» дейтін ыдыстағы тұзды қаусыра құшактап көтеріп, апарып арта салушы еді.

Ал, Ақылбектің әкесі Тәстембек те жүректі адам болған секілді. Ол кісінің бір әңгімесін ел былай деп айтатын: «1928 жыл. Байларды қампескелеп, елдін малын жаппай «етке» айдаған кезенде, сондай бір мал айдаушылар Тәстембек ауыларының үстімен өтіпті-мыс. Сол кезде Тәстембек (малдан айрылған кездері болуы керек) көп қойдың ішіндегі ен ірі қойды жасырын ұстап алып, қалын шенгел ішінде сойып жатыпты. Белгілі малдың жоғын байқаған ат үстіндегі айдаушы іздел жүріп, малды сойып жатқан адамның үстінен түседі. Сонда Тәстембек іздеуашіге қасқайып қарал тұрып, қойдың құйрығынан бір білемін кесіп алып, ауызға салып, шикідей жұтып жіберіпті. Оны көріп тұрған құғыншы «Астапыр Алла! Мынау адам ба, пері ме?!»-деп, айқайтай, кері шаба жөнеліп, қайтып оралмапты. Тәстембек те

төртбақ, жауырынды, беті түлеп жүретін сары кісі еді, сол түріне орай Тәстембектін әкесі «Қарымсақ», оның әкесі «Сарымсақ» еді дейді білетіндер. Осы сөздердің астарында сескену де жатқан сияқты.

Екінші ұзатылған қызының есімі-Әдіген. Оның барған жері, менін жобалауымша, Шағыр Жанқораз атадан тараған Айтуганның Дүйсенінің баласы Мұрынбай болуы керек. Әйткені, жездемнің аты да Мұрынбай еді. Ол ашаршылықта (1931 ж) ауру болған Әдіген әпкемді шөп жаппада отырған шешем екеуімізге әкеп тастап, жалғыз ұл баласын арқалап кеткен еді. Содан осы кезге дейін хабарсыз.

Үшінші қызы-Бейсетай (жайшылықта ел «Пыстахан» деуші еді). Оның барған жері Жарболдың Мұхаммедшесінің ұлы Бөрібай (Шағыр Балғалының бір атасы). Бұл үш апамызға да тиісті жерінде ораламын.

Әкемнің екінші әйелі, арғынның қызы болатын. Аты Ырысжан. Ол төрт қыз туды. Бәрі де ашаршылықта, Бәйсеркеде (СНК) қайтыс болды. Сөйтіп, бір үйлі жаннан ашаршылықтан шешем-Өрік екеуіміз ғана аман қалдық.

Балалары Қожахмет, Молдахметтер қайтыс болғаннан кейін шешем көп ойлап, жылай беретін болса керек. Сондай бір кезіне тап келген Кененбай деген ағасы шешеме: «Қарағым, көп жылағанмен орнына келмейді, тауба етсенші. Әлі жассың, құдай жарылқайын десе, әлі де бір ұлын берер»-деген екен. Сонда қасында отырған әкем: «Әй! Қойсанышы енді, мына Кененбай аған аппақ сақалымен өтірік айтпайды, тағы да нәресте береді деп отыр ғой, өтірік айтып бұл кісіге не көрініпті?!»-деген екен (кейін білетіндердің айтқанынан естігенім ғой). Сол Кененбай атамыздың айтқанын Аллаһ қабыл алды ма, әйтеуір көп жылдардан кейін дүниеге мен келіппін.

Ес білгелі, Өрік шешемнен кейін маған тете әпкем Бейсетай жақын болды. Ол менен тұра бір мүшел ұлken болатын. Соған қарағанда Кененбай атамыздың сөзінен кейін біраз жылдар өткізіп барып, дүниеге мен келген болуым керек. Оған тағы бір дәлел: сол Құдайдан ұл сұрап жүрген кездерінің бірінде Шағыр ауылына сініп кеткен Оразбай (Тышқанбаев болуы керек) деген (Өгіз Балғалы) бірде менін әкем Әбдірәсіл екеуі жол үстінде кездесіп, бала жөнінде әнгіме қозғапты. Соған дейін Оразбайда да бала болмағанға ұқсайды. Әнгімелесе келе екеуі: «Құдай коскан құда болайық, қайсымызға ұл, қайсымызға қыз берсе де осы сертімізден айнымайық» деп, төс қағыстырып құда болысады. Оны әкем шешеме айтып келеді. Келесі жылы (1921 ж) Оразбайдың әйелі-Қатша босанып қыз табады. Атын Қанапия қояды. Дархан пейіл-ай десейші! Менін әкем: «Енді менін әйелім ұл тууы керек» деп Оразбайға қалың малын беріп те қояды. Содан екі жыл өткенде, 1923 ж. (Доныз жылы) мен туылпын. Ол кезде елге Советтік тәртіп жете қоймаған кез. Сонымен, әкеміз мен туғанда ағайын-туыстарын жинап, ат шаптыртып, той жасапты. Сөйтіп, құдалық бұрынғыдан да бекіп, нығая түсіпті. Мұның бәрін шешем де, Көжек ағамыз да айтып отырушы еді. Ол кезде әкем дәuletі өзіне жетерлік ас тұзы бар адамдар қатарында болса керек. Өзі саудагерлікке жақын адам болған сон жұртына әжептеуір қадірлі, сыйлы адам болған дейді айтушылар.

Екінші, шешемізден туған төрт қыздың бәрі де менен ұлken еді. Соған

қарағанда, мені бағып-қағуға олардың да енбегі сінгенге ұқсайды (жандары пейіште шалқысын!). Олар ашаршылықта түгел, шешеміз екеуіміздің жанымызда қайтыс болды, қолдан жерлегенімізді жоғарыда айттым.

Алғашқы есімде қалғаны -2,5-3 жасар шамасында болуым керек, сол көзіме кебек (тарының қауызы) түсіп, азап көргенім бар. Ақыры, көз ашылмай, ақ баса бастағанда шешем бірнеше әйелдерді ertip, Іле өзені түсे қоймаған мезгілде, Іленін сол жағында «Базарбике» қыстағында отырған Жебеген-Күшікбай ауылындағы бір әйелге апарды. Сонда, қол-аяғымды басып, басымды ұстап отырып, «шынғыртып» көзіме тіл салып, орамалмен «тырналап», әйтеуір, бір кезде «алынды» дегендерін ғана естідім. Шешем менің азабымды көруге шыдамай далада жылап жүріпті. Бір кезде келіп, құшағына алып, өксігін әрен басты»-деп, сол оқиғаның күесі болған ауылдағы женгелеріміз айтып отыратын.

Ол кезде, «Наурыз» мерекесінде –«Наурыз айтын» Мерекені өткізудің өзі бір ұмытылmas көрініс еді. Әлі күнге менің есімде қалғаны: Наурыз айты кезінде ел түгелдей жайлауға-«Қаракөл», «Батырбек» саздарына қоныстанатын. Кен жайлаудағы ауылдар алыстан ақ шағаладай болып көрініп тұрады.

Айттаушылар, әсіресе жастар, барын киініп, қызыл-жасыл гүлге ұқсап, топ-топ болып, ауылдан ауылға шұбырып «айттайтын». Біз, балалар солармен араласып, шуылдасып, еріп жүреміз. Қазір ол көрініс тек «елес» болып қалды. Жазушы Илияс Есенберлиннің «Көшпенделерінен» ғана окуға болады. Менің оны суреттеп жазуға шамам жете қоймас. Сондықтан кешіріндер!.

Кенес заманы 1917 жылдан басталғандығы белгілі. Біздің елде (Балқаш өнірінде) 1927-29 ж дейін оның «дүмпуі» аса сезіле қойған жоқ. Өйткені, Балқаш өнірі күре жолдардан бұрыс, бұрындары «Қамау» деп аталатын. Екіншіден –азамат соғысы аса шарпый қоймады.

Солай бола тұра, ауылдарда 1926-27 ж жаңаша мектептер ашылып, бала оқытыла бастады. Мұғалімдердің өзі де тек қаріп танитындар еді. Шамасы оларды бір қысқа курсында дайындалап, ауыл-ауылға жіберген болса керек.

Менің есімде қалғаны: Мектеп үйіне ауылдың шуы естілмейтін, мектеп дегеніміз онаша жерге тігілген киіз үй еді. Жас мөлшеріне қарамай, келген балаларды оқыта беретін.

Осы мектепке мені де берді. Қай жылды, қанша жаста екенімді білмеймін. Мектепке әр ауылдың балалары танаға, тайға өгізге мініп келетін. Біздің алғашқы мұғаліміміз, жаңылмасам, Бәсімбеков Әбдіхайым деген өз ауылымыздың жігіті.

Бір күні, «кінәлі» болып қалсам керек, үш-төрт баламен бірге мені де «жазалап», күнге қаратып, екі қолды көтертіп қойғаны есімде, сол-«қарсы» деп аталып кеткен жазаның салдарынан күн өтіп, ауырдым. Оны білген ауылдың үлкендері Бәйбек, Жадыра деген кісілер, мұғалімнің немере ағасы Қасабек: «Біреудің жалғызын өлтіріп, жалаға қалғыларың келіп жүр ме, иттің баласы»-деп, мұғалімді сабап, есін шығарған еді. Сол оқиғадан кейін мектепке бармадым. Кейінірек ашаршылық басталып, бала оқыту жайына қалды. Ел азып, азық іздел, әбігерге түсті. Тамақ табу үшін жан таласты. Жан-жаққа көше бастады. Біз де «Төске» көшіп кеттік.

Оған дейін ауданда болған Ақкөл көтерілісінің қуәгері болдым. Ол былай болған еді:

Шамамен, 1930 ж. күзінде аудан орталығы-Ақкөлде көтеріліс болды. Оның негізгі себебі: (кейін, 1950 ж басында Ақкөлде сол жылдары тұрған Жайсаңбек карияның айтуы бойынша) 1928 ж байларды кәмпескелеу (тәркілеу) жүргізілгенде, асыра сілтеуге жол беріліп, елден малды түгел тартып алған. Тек малмен ғана күн көріп отырған ел 1929 жылдары алды аштыққа ұшыраған. Ал, «елге берілсін» деп көмекке келген астықты белсенділер қамбаларға салып, тұқымға керек деген сұлтаумен елге бермей ұстаған. Осыған күйінген ел сол астықты тартып алып, үлеске салмақшы болғанға ұқсайды. Екіншіден-оны бала біздер де естіп жүрдік,- Совет үкіметіне реніш білдірушілер арасында «Бізден басқа жерде Кенесстер түгел жойылыпты, Патша қайтадан таққа отырыпты. Бұрыста болғандықтан бізге патша пәрмені әлі жетпей жатыр. Өзіміздің күшімізben кенес өкіметін жойып, бостандық алуымыз керек» деген өсек тараған. Көбісі соған иланған, Ақкөлді «басып» алуға аттанған. Көтеріліс басталған кезде аудандық мекемелердің біраз басшылары да Ақкөлден сыртқа қашқан екен. Көтерілісшілер женілген соң жаппай ұстая басталды. Міне, сол кезде, қыстакта (жер тамда) отырған біздің үйден Ақкөлден қашқан екі атты (мекеме басшылары) болып, тамақтанып кеткен еді (аттарын білуші едім, қазір еске түсетін емес).

Сол жылы, қыстың аяғы кезі болуы керек, үйге (жертамға) өзіміздің ауылдың атақты азаматы Қойшы келіп, біраз азық алып кетті. Сонда оның айтқаны: «Мені де көтеріліске қатысы бар» деп ұстамақ болған екен, бір жанашыр адамдар хабарлады. Олар (НКВД адамдары) келгенше қашып кетіп, қырда жасырынып жүрмін. Бір бай адамның жасырған дүниесін тауып алдым. Соны тиеп, аудан басшыларына апарып беріп, менің көтеріліске қатысым жоқ екенін айтып, кесірім сұрағым бар. Бір өзіз жіберіндер деп, Жадыра-Бәйбекке хабар жібердім. Соны күтіп жатырмын»-дегені есімде қалды.

Жалпы, Қойшының руы-Күшік. Тілеп-Төлек деген туыстарына өкпелеп, қайын жұрты-«Әуеатқан-Шағырда» (біздің елде) өскен екен.

Бір өлеңінде Қойшы:

«Өлен ғып қашқын қызды қылдым дастан,
Қан сорғыш Тілеп-Төлек әуел бастан.
Зәрінен екеуінің қашып кетіп,
Өсіппін Балғалыда бала жастан» -дейді.

Қойшының алғаны Жадыра-Бәйбектердің (Бәйтәжі балаларының) қарындастары еді. Өзі-ақын, өзі-мерген. Алматының орыстарына шошқа атып, дайындал, қоятын көрінеді. Әбдіманаптың мына бір өлеңі соның дәлелі іспеттес:

«Күренбай, Қойшыменен Қайырдінсін, (кәпірсін дегені)
Орысқа шошқа сатып, байып жүрсін.
Мені сен тексеруші Құдай болсан,
Қанғырып ел ішінде неғып жүрсін?»-деген екен.

Әбдіманап пен Қойшы қатарлас және екеуі де өлең жазады. Сондыктан анда-санда өлеңмен қағысады ермек ететін болса керек. Сол жылдың (1930 ж шамасы

ма деймін) көктемінде Қойшы өгізге әлгі жүгін артып, біздің ауылдың үстімен өткені есімде. Сол барған бетте НКВД Қойшыны қамауға алыш, жазда бірқатар адамдармен бірге қалаға айдады. Ол хабар ауылға да жетті. Қойшыны көріп қаламыз деген ауыл адамдары «Белгінің» төбесінің астына, Бояулының сазына жиналды. Онда мен де бардым. 20-30 шақты айдалғандарды өгізге мінгестіріп алған екен. Оларды Бояулының сазының Белгінің төбесіне жақын жерде кемерлеп өтетін өзекшениң арғы жағына (аралға) өткізіп орналастырды. Қойшыны жеke атқа мінгізіп, көлігін бір айдаушы жетелеп келді. Шамасы (кейіннен елдін айтуына қарағанда) Қойшы өгізге мінуге көнбекендіктен солай болған секілді.

Бұл менін Қойшыны төртінші рет-сонғы көруім еді. Бірінші рет Қойшыны өз үйінде, жаздың күні көрдім. Онда Қойшының үйі «Белгінің» астында, қазір «Қойшының көлі» (немесе «Бешейдің көлі») деп аталатын (совхоз кезінде ол жерде «орманшы үй», совхоздың қой қырқатын мекені болған) жерде.

Жейде-дамбалшаң киінген, жаңадан буырлана бастаған сақал-мұрты бар адам екен. Домбыра тартады, өлең жазады, өзі кедей. Жаз сауыны, қыс соғымы-қайын жұртынан, алған сауындық малы қайтпайды, жаз бойы қонағына жұмсайды екен. Қойшының екі ұлы болды.

Улкені-Уәлқасым, кішісі-Пәшембай. Уәлқасым әкесіне тартқан, ақын, домбырашы, өз бетінше оқып, заманга бейімделген жігіт еді. Пәшембай тік мінезділігі болмаса, өнерге, ойға жоқ. Әкесінің зорлығымен үйренген өнері-мергендік қана (Алла жазса бұлар жөнінде бөлек токталармын).

Екінші, үшінші көруім, жоғарыда айтқандай, қашып жүрген кезі. Мұнда ол кісі маған түсі сүйк, көзі өткір, қалың қаба сақалды, қалың қасты, қыскасы батыр тұлғалы болып көрінді.

Төртінші кездесуімде, алыстан көрдім, бұрынғыдай «кайбынды» емес, бірақ, өзін еркін, көнілді, ашық ұстайтын адам болып есте қалды. Басқа тұтқындар жабырқаулы, түйік, айдаушылардың ығынан шыға алмай отырса, Қойшы еркін, айқайлап, елмен сөйлесіп жүреді. Сол жолы Қойшы «Үш аралдан» қашып кетіпті деген хабар тараған.

Кейін, елуінші жылдардың басында, тұтыну қоғамында экспедитор болып істеген Қасымбайұлы Молдағұл карияның айтуы бойынша, Қойшы «Ушаралдан» қашқанда (кешкісін) кімін меске салып, ұзын жіпке байладап Іленің сүйіна (өзеннің ортасына қарай) ағызып жіберіп, өзі жардынастымен жүріп отырыпты. Айдаушылар су бетіндегі ай жарығымен көрінген қарайғанды ата-ата, «өлген шығар» деп тынады. Қойшы сол қашқаннан ел шетіне ілігіп, тағы қолға түседі. Онда құтылу үшін НКВД адамдары бір күні түnde алыш шығып, Бақанастың сазына апарып, атып, сол жерге көмдіріп тастайды. Тұрмеде отырған Қасымбаев Молдағұлмен бірге үш жол ашуға (ол кезде саз қалың жас тоғай екен) шыбық қыйдырады. Сол жұмыс кезінде шыбық қиошулылар жана қазылған жерге (топыраққа) кездесіп, «бұл қалай?-деп сұрағанда, милиционерлер: «Бұл жерге Қойшының денесі көмілген» депті. Бұл 1932 ж шамасы болуы керек.

Әкем, елдін айтуы бойынша, өзі жемесе де, қауын-дарбызы, басқа да көк өніс өсіруге, бақша егуге құмар еді дейді.

Көтерілістен кейін аудан орталығын Бақанаңа қөшірген жылы (1930 ж) күзде әкем мені өртіп, Бақанаста отырған танитын атқа мінерлерге, атқа тенлеп әкеп, қауын-дарбыз үлестіргені есімде қалыпты. Бақанастың ішкі сазы түгел ақ шағала қазақ үйлер, әр жерде қызыл матага жазылған «лозунгілер», ал саздың дөнінде өгізбен балшық айдал, кірпіш құйып, жанадан үйлер тұрғыза бастапты. Сол үйлерден менін есімде қалғаны: НКВД-ның кенесесінің құрылышы (қазіргі салық инспекциясының орны мен аумағында) әкем ел аралап тұратын адам болғандықтан, қауіптің боларын сезген болуы керек, 1931 жылдың көктемінде, қар кете бастағаннан бастап, ұлken қызының қүйеуі Ақылбекті ие етіп, үй ішін «Төске» қөшіртті. Екі түйемен қөштік. Жол жөнекей қонар жерге алдын ала барып, Теріскейде ерімей жатқан қарды қөміп, келесі жерге жететін суды дайындал алғып отырады. Бір күні Ақылбек бір түйемен алдағы қонысты белгілеуге кеткенде бір адам келген еді. Шешем бірдемелерді айтып жатқан, ол адам кеткен соң шешем бізге, «жаппадан ешқайда кетпендер»-деп, өзі бір жаққа кетті. Содан кеш оралды. Кештете үйге Ақылбек те келді. Сондағы шешемнің айтқанынан түсінгенім: Ауыл белсендісі (Қожалак деп айтады кейін) екі түйені үкіметке алу керек деп құғыншы жіберіпті. Оған шешем-бір түйе өліп, қасқыр жеп кеткен, біреуімен Ақылбек қалаға кетіп қалған, сондықтан өзіміз де жаяу қалдық-деп жіберіпті. Сонымен, өзі жайылып жүрген түйені, тағы да құғыншы келсе көрмесін деп, жалғыз өзі сойып, етін сылып алғып, бас-сирақ, сүйек-саяктарын төбенің арасына қалдыртты. Сол түйенің етін тұздап алғып, түн ішінде тағы қозғалып кеттік. Эйтеуір, сол түйенің етін Іле-көпіріне жеткенше азық еттік. Жол-жөнекей, сол жолы «құмтары» дегенді де қағып жедік. Қазір оның не екенін білмеймін, бірақ төбе-төбені кезіп, қағып, үйге әкеп жинайтынымыз есте қалыпты.

Сонымен, қанша жүргенімізді білмеймін, эйтеуір, Іле-көпірінен өтіп, елге іліндік-ау. Содан кейін Ақылбекті 1933 ж күзінде бір-ак көрдім.

Іледен, поезben бе, әлде машинамен бе, анық есімде қалмапты, эйтеуір Алматыға жеттік. Ең бірінші конған жеріміз – қазіргі «Мясокомбинат» тұрған төбешік болды.

Олкезде олқаланыңшеті. Солдеңесте Балқаштан ауып барған біразел «жаппа» жасап тұрады екен. Солармен араласып, тұрып жаттық. Бар «байлығымызды» жастанып, далада жатамыз. Бір күні тұн ортасы ауа ма, эйтеуір, қаранғыда, қолына пышак ұстаған, үш адам келіп біздің бас жағымызда жатқан «байлығымыз»-көрпежастық, киім-кешек дегендей, болмашы дүниеміздің байлауын кесіп, алғып кетті. Шешем, әкпелерім күні бойы бір шаруамен жүргендіктен қатты үйікласа керек, ал, көріп жатқан менің корыққандықтан қимылдауға шамам болмады. Өйткені, қалаға келтелі естітініміз тек тонаушылық төңірегіндегі әнгіме болатын.

Ертегісін ел тұрғанда апама көргенімді айтып едім, ол кісі: «Күдайы, жанымыздың садағасы» деді де койды.

Содан көп кешікпей әкем келіп, бізді «Қотырбулақта» (кейін Калинин колхозы аталған) тұратын досы Сарұйсін Дүзгенбайдың үйіне алғып барды. Дүзгенбайдың әйелі Шағыр балғалының қызы. Оның бір ұлы, бір қызы бар. Қызы-үлкені, аты Совет, ұлы-кішісі-аты есімде қалмапты.

Шіркін, сол кездің адамдарының пейілінің кендігі-ай! Өздері күнделікті күн көрісін есек арбамен курай сатып, тауып, талшықтап отыrsa да, ағайынға қабақ шыту деген жоқ еді. Бір уыс бидайды бөліп жеп, көнілді әңгімесін айтып отыратын. Сөйтіп, жүріп жаттық. Мен аяқ астынан безек болып ауырдым.

Әй, көресіні көрдім-ау! Сонда да Дүзекенін үй іші қабақ шытқан емес. Жарықтықтар, иманы жоллас болсын!

Нақты қалай болғаны есімде жоқ. Экем бізді Дүзенбайдың үйіне қалдырып, өзі бір жаққа кеткен. Содан экем Әбдірәсілді қайтып көре алмадым. Шешемнің кейіннен айтуы бойынша оқиға былай болған:

Бізді бұрынғы барып-келіп, араласып жүрген қырғыздар ауылына алып кетейін деген ой айткан. Бір беткей адам өз айтқанынан қайтпайды. Шешем экемнің «барайық» деген жерінен үзілді-кесілді бас тартқан. Экеме: «Мен жалғыз баламды тілін білмейтін жерге апарып, жабырқатып өсіргім келмейді. Тірі болса, осындағы өзінің бауырларының арасында еркелеп, еркін өссін. Өлсе туған жерінің топырағында жатсын. Тірі болса менің бауырларым ұлымды жалғызыратпайды. Ал қырғыздарға барса сөздеріне түсінбей, көз түрткі болып, жабырқап өседі. Жетімдіктен сондай өмірдің ауыртпалығы құштірек болады. Сондықтан барсан өзің бара бер, рұқсат беремін, бізді козгама»-деп, экеме ермей қалады. Оған Дүзенбайлар да қосылады. Содан шешем мені алып СНК-да шоғырланған, Балқаштан ауып келгендердің арасына келді. Ол жерде шешемнің ағасы Биболдың баласы Ермұхаш ағамыз үй ішімен, кіші шешеміз Рысжан балаларымен және бізге құда болып келетін, Сәруйсіндер жиналышп, бір қауым ел болып қалған еді. Сол жерде қазір де олардың үрім-бұтақтары тұрып жатыр.

Соның ішінде біздің әпкеміз-Күмкештің балалары, қыздары бар. Сонымен, біз «Бәйсеркеге» (СНК-ға) келдік. Кіре берісте терең өзек болатын. Өзектің он жақ жағасында қатар-қатар жаппалар жасап, біздің жерлестеріміз тұрады еken. Біз де келіп, жаппа жасап алдық. Сол жерде аштықтың не екенін көзіммен көрдім.

Күніне бірнеше адам өліп, оларды өзектің сол жақ жағасындағы жарға жерлеп жатады. Шамасы тың жерден көр қазуға тірі жүргендердің шамасы келмейтін болуы керек. Сонда барып орналасқан соң, көп Ұзамай ортанины әпкем Әдігенді күйеуі Мұрынбай бізге әкеліп, тастап кетті.

Шешем жапсарлас бір жаппа жасап, қызын сонда жатқызды. Өзі қолға іліккен жұмысты істей беретін болуы керек. Кейде тұнде де үйде болмайтын. Сондай бір күн, тұнде: «Секенжан, менің қасыма келші, мен кететін шығармын, бетіннен бір иіскейін»-деп, әпкем мені шақырды. Бауырна басып, үш-төрт рет сүйді. Мен ол кісінің «өлемін» деген сөзін естіп, қатты қорқып, тұні бойы қасына бара алмадым және ұйықтамадым. Таң атқан соң, ертенгісін шешем келді. Олар, көп адамдар тұнімен жұмыс жасапты. Келісімен «Әпкең өліп қалыпты» деп, бір жылап алып, ағайындарды жинап келіп, апарып жерлеп кайтты. Есімде қалғаны-сол кезден бастап, жол бойынан көшеден, көршиден өлген адамдарды жиі кездестіретін болдық. Бұл-ашаршылықтың нағыз қүшіне енген, 1931 жыл еді. Сол жылы жазда кіші шешем мен оның қыздары да қайтыс болды. Оларды да сонда жерледік (жерленгеннен гөрі- «бетін жасырдық» деген дұрыстау болар).

Оз басым, шешемнің арқасында аштықтын зардабын аса сезе қойғаным жоқ. Анам қайдан алатынын білмеймін, шошқаның майын әкеп, (өзі жемейтін) түнемеге менің аузыма бір кеспегін салып, «Жұтпай сорып жат»-дейтін еді.

Күзге қарай «аман қалғандар» түгел сол жар қабактан жертам қазып алып, соған қыстадық.

1931 ж күзде мен мектепке бардым. Оқу орысша. Бір жақсысы, мектеп жақын болды. Үлкендер СНК-да (Подхоз Совета Народных Комиссаров) жұмыс істеді. Істейтіндері қара жұмыс. Тәуір жұмыстын бәрі орыстардың қолында. Олар бақша егеді, шошқа, тауық ұстайды, қазактарға «шекесінен» қарайды. Біздін «жер күркеде» тұратындардан 5-6 ғана бала оқыды.

Көршім, әке- шешесі қайтыс болған, екі ағасы бар бала еді. Екеуіміз көбіне бір барып, бір келеміз. Көбінесе бірге тамақ ішеміз.

Әлі есімде, бір күні сабактан шыққан сон әлгі бала: «Менімен бірге жүр, анау егістікте «Бұртқа» салынған қызылша бар, содан 4-5 -уін алып қайтуым керек, әйтпесе агаларым «арамтамақсын» деп, ұрып соғады-деді. Ондайды бұрындары көрген жоқ болатынмын, «жарайды» дедім. Сонымен «Бұртқа» бардық. Ол кітап кабына 3-4 басын салды. Өзі біреуін шикідей жеп келеді Мен жеген жоқпын. Бір кезде артымыздан бір орыс қуып жетіп, екеуімізді ұстап, (боқтап та, иұқып та жүрғой) үйіне алыш келді., «Табысымызды» тартып алыш, өзімізді шошқа қорасына, «корсылдақтарынын» арасына қамап қойды. Қанша уақыт өткенін қайдам, мен жылап, дауысым қаттырақ шығып отырса керек, соны сыртқа шыққанда естіген әлгі орыс «охранынын» эйелі келіп, оған дауыс көтеріп ұрысып, бізді босаттырды. Екеуіміздің қолымызға екі қызылша ұстатып, қайтартты. Кейін білдім – ол қызылша «кормовой» (жемдік) екен.

Сол бала 1932 ж. көктемде аштықтан ісіп-кеуіп, қайтыс болды. Мен аман есен, бір жылда екі класты бітіріп, мактау грамота алыш шықтым.

Поселкінің (СНК-ның) төнірегі ол кезде егіс еді. Бидай, қара бидай, арпа, сұлы егілетін. Күзде егіс жиналған сон сол егістен «масақ» тереміз, өншең балалар. Сонда бір қазақ «объезчик» (қорықшы) болды. Ол өзі «ит» адам еді. 1931 жылдың күзінде бізді (балаларды) масақ тергеніміз үшін атпен қуып, сабап, маза бермейтін. Шамасы ішіп алатын болуы керек. Біз болсақ, бір шетінен қуса, екіншісі шетінен барып тереміз.

1932 жылы демалысқа шыққанда балаларды машинамен шөп шаптыртты. Ол кезде оқушыларды демалысқа шығысымен жұмысқа арластыратын еді. Шөмелे тасыймыз. Ертегісін мінген аттан түсте, тамаққа келгенде бір ак түсіріп алды. Сол жылы мен шешемнің: «тунде жамылып жатасын» - деп, берген сырт киімін жоғалтып қайтқаным есімде.

Шөп шабудан кейін егін орағы басталады. СНК – дан батысқа қарал (шамасы, казіргі Мичурин колхозының жері болуы керек) 8 – 10 шақырым шамасында НКВД – ның егісі бар болатын. Біздің «ауылдын» көптеген адамдары сол егісті оруға жіберілді. Солардың ішінде менің апам да бар. Бір күні Ерімуаш ағаның әйелі – Бибікулсін женешем: «Жүр апаңа барып келейік» - деді. Солардың жататын жаппаларына барып, жағдайларын көріп қайттық. Далада, ағаштың

көлеңкесінде, шөптен ықтасын жасап, сонда жатады еken. Құніне үш мезгіл тамақ береді. Жұмыстан қайтқанда қалталарын тексеріп, үгіп алған бидайларын алып қалады еken.

Ертеңіне жалғыз өзім апама тағы бардым. Олар түскі тамағын ішіп, жұмысына кеткенде мен төте «жолмен» СНК-та қайта оралдым. Жол – жөнекей ерттеулі, жайылып тұрған атқа кездестім. Таңыздым – обьезчиктікі. Баяғы өзімізді қуып жүріп сабайтын сабаз, үстінен тұстім. Бірақ қатты қорыктым. Сасқанымнан отыра кеттім. Ол пәле оянып кетпесін деп, еңбектеп қаша жөнелдім. Сол кезде ат менен атүркіп, шаба жөнелгенде, шылбырын аяғына байлан, ұйықтап жаткан иесін (объезчикті) сүйретіп әкетті. Мен бір терен сайға түсіп ұлгердім-ау. Сол саймен қаша бердім. Әлгі обьезчик әрең атын ұстап мініп, жан-жағын шолып, біреудін үркіткені болуы керек деген сезіммен онды-солды шапқылап қарай бастады. Мен бір жыраға тығылып, ол кеткеніше шықпай жатып алдым. Ақыры, ол кеткен сон «шөп сарайыма» жеттім-ау, әйтеуір. Сөйтіп, әлгіден өзім ойламасам да, өшімді бір алғаным бар.

Содан екі-үш күн өткенде бір топ адамды НКВД-ге айдал кетілті, ішінде «Өрік-те бар» деген хабар жетті. Кінасы бидай ұрлаған (үгіп қалталарына салғаны) еken. Тағы да Бибікүлсін женешеміз екеуіміз, НКВД-нің базасына келдік. Алдында терең өзек бар. Іші өсіп кеткен ұзын қурай, жағасы қалып ағаш. Арғы бетіндегі дөнесте жаңағы НКВД-нің Базасы. Құзетшіден: «Киікбаева Өрік» деген адамды шақырып жіберші-деп, сұрадық. Қамалғандардың дені әйелдер, бәрі қазақ. Құзетші де қазақ. Барып, аралап келіп, бізге сыйырлап: «Ол кісі жаңа осында келе жатқанда, өзектен өтерде қашып кетілті. Дабыра етпей, баратын жері болса, сол жерден ізденіздер»-деп, ақылын айтты. Біз (әсіресе жанымдағы женгем) қуана-қуана шығып, «ол қайда кетеді?»-деп ойлана-ойлана, «бір барса, Дүзгенбайдікіне баар» деп, бес-алты шақырым жердегі сол үйге тартып кеттік. Барсак, шешеміз көлеңкеде, рахаттанып үйықтап жатыр. Келгенімізді сезіп оянып, қуанып қалды.

Ертіп қайтпақ болып едік, Дүзгенбайдың үйіндегі әпкеміз (Нұрила Шағыр балғалының қызы): «Жоғалтқандар іздеу салуы мүмкін, екі-үш күн осында болсын»-деп, жібермеді. Біз қайтып кеттік. Кейін естідік-НКВД-де отырғандардың бәрін қайтарыпты. Ұмытпасам, сол жылы болуы керек, бір топ (7-8) адамды, ішінде Ермұхаш аға бар тауға, шүкірі жинауға жіберді. Илесіп мен де бардым. Тауда шөптен жаппа жасап алыш тұрдық. Тамакты совхоз беретін болуы керек, әйтеуір аш емеспіз. Үлкендер шүкірі жинауға кетеді. Мен Қоста қаламын.

Бір күні бір орыс, бір қазақ милиция келіп Қосты тінтіп жатты. Сондағы олардың ізdegені at еken. Менен «ет жейсіндер ме, сорпа ішесіндер ме?» -деп, сұраумен болды. Мен: «Жоқ» -деп, жауап қайтарамын. «Шыныңды айт» деп, корқытып, бір-екі рет шапалақтап та алды.

Сөйтіп жүргенде үлкендер келді, шүкірісін арқалап. Енді мені жайыма қалдырып, бір-бірлеп онаша апарып, олардан сұрақ ала бастады. Кейбіреуперінің беті көгеріп келеді. Сөйтсек соңынан білдік, НКВД-нің аты жоғалыпты. Соны іздел жүр еken. Олардың кім екенін үлкендердің әнгімесінен естіп білдім. Сондағы жалғыз орыстың қорлағаны әлі есімнен кетпейді. 1932 жылдың күзінде СНК-

ға арба айдаған 2-3 адам келді. Олардың біреуі - менің кіші әпем Бейсстайдың (Пысталханның) күйеуі Бөрбай. Ол кісіні бұрын көрген көрмегенімді білмеймін. Олар Шелек ауданына қаасты «Қара шенгел» деген жерде, малды ауылда тұрады. Біздің СНК-да екенімізді естіп, алып кетуге келіпті. Өздері қалаға- «Заготскот»-қа шеп әкеп беріп, қайқан беттері екен.

Шешем екеуіміздің «көрпе-жастығымызды» тиеп, ала жүрді. Жолда қанша жүргеніміз есімде жоқ. Әйтеуір, інір караңғысында үйлеріне келдік. Жертам. Қорада-қой. Келген бетте үйықтап қалыптын. Оятып тاماқ берді. Ет асылыпты. Тамак ішіп отырғанда бәрінің (жездем, әпкем, шешем) маған қайта-қайта айтқаны: «түнде ет жедік» деп, ешкімге айтуши болма-дейді. Кейін білдім, бізді әкелген сон жездем қорадағы қойының егіз козысының бірін сойыпты. Ол кезде колхоздың қойы тұрмак, өзіңе өсір деп берген малды союға қақын жоқ. Бір қозы үшін соттап жібереді.

Қыстан шықтық. Қектем шығысымен қой төлдей бастады. Қорада жұмыс жасайтындардың бәрі Балқаштан ауып барғандар. Бөрбайдан басқа оның інісі Қыдыrbай, басқалары да бар. Солардың ішінде жөнді хат танитын адам болмады ма, әйтеуір, мені туған төлдін, саулығын сүттін (онда қойларды қосақтап сүт сауып, тартып, үкіметке май өткізетін) есебін жүргізетін есепші етіп қойды. Енбек ақы төлейтін болды. Оған менің екі класс бітірді деген күелігім негіз болса керек.

Жаз шығып, малды жайлауға шығаратын болдық. Қөшкенде, корада бар бір-екі өгізге орталықтың жүгі қазан-ошақ, сүт тартатын машинка, құрал-жабдықтар артылады да, жеке үйлер мүлкін қазан-ошақ, аяқ- табақ, киім-кешек, көрпе-жастық дегендерді түгел қойға артады. Балалар жүк артатын қойларға таласып жатамыз. Бұрыннан жүк артылып жүрген қойлар өгіз іспетес, таңылған жүгімен жайбарақат жайылып, жүре береді. Ал, жана артылған қойлар үркіп, тулап, құлап, жүкті аударып тастанап, әбден әурешілікке салады. Сөйтес-сөйтес үйренеді.

1932 жылдың көктемінде жайлауға Шелек өзенінің он жағасымен жүріп өткен секілдіміз. Жол жөнекей «көктемгі қой қашырау» да жүргізілді. Ұрықтандыратын орыс жігіті, жеті қошқары бар. Олар қойдан бөлек бағылады. Мені «есепшілікке» қосып, қошқарды бағушы да қызметін қоса жүргізетін болым. Әлі есімде, сол жеті қошқарды мал өріске көрінбей кеткенде шығарып, жайып, суғарып әкелемін. Соның ішінде бір қошқар адам көрсе тұра ұмтылатын. Бірак, бағушы болған сон ба, маған және әлгі ұрықтандыруши орысқа тимейтін. Жайлауға қөшкен сон күнде жана орынға қонамыз. Сол жылы Шелек өзенінің бойында жыланның қалың болғаны-ай! Элде маган солай көрінді ме, әйтеуір, жердің бәрін жылан басып кеткендей болатын.

Бір күні, қошқарларды жайылымға шығарып бағып жүрсем, бір жолаушы (менен ұлкендеу бала екен) кетіп бара жатыр екен. Сузеген қошқар әлгіні көре сала ұмтылды. Артынан жүгіріп: «қошқар сүзеді»-деп, айқайлап келемін.

Қошқар келіп сүзгенде әлгі бала қолындағы таяғымен оны бастан салып өтті. Өзі бір түп шидін артына тығылды. Соған ашуланған қошқар енді маған карай ақсын мен оның сырын білетін болғандықтан, кейін қарай қаштым. Бір жуас

үлкен кошқар болатын, соның үстіне қарғып мініп ұлгердім. Содан, оларды кораға қамағанша сол қошқардан тұспей қойдым. Менің жайымды естіген орысым (мен орысша айтып берген соң) оны екі күн қорадан шығармай, жемді, суды маган бергізіп, «достастырып» шығарды. Сол жайлауға шығар жолда балалар күні бойы жылан өлтіріп, тұннің бір уағына дейін «ақсүйек» ойнаумен боламыз. Танертен есепшілігімдің детектендей, әпкемнен қаймақсұраЊжемей, қызметкеше шықпаймын. Қаймаққа тойғаннан соң ғана «есеп-қисап» жазып, қошқарға шығамын. Қайран, әпкем-ай! Сол еркелігіме құле қарап, қабак шыту дегенді білмеуші еді-ау!

Әлі есімде, ұмытпасам, «Асының» жайлауына беттеген жерде «Әулие кемпір» деген зират бар. Бұлақ шығып жатқан жердің жоғарғы жағына тастан өріп, дөңгелек құдықтың аузы іспеттес етіп жасаған тұғырық тұрады. Әрі-бері өткен ел шүберек байлап, тыны тастап өтеді. Сол жерге барғанда апам (Өрік) ауырып, көшке ілесе алмайтын болды. Ары қарай ылғи жоғары, тауға шығады. Шөп дегеніңіз адамның белуарынан келеді, күн салқын, мал қозғалмай жайылады.

Әлгі «Әулие кемпір» деген зиратынан асар кезде апам: «Мен осында қаламын, мына кісінің басына түнеймін, бір себеп болатын шығар. Ен болмаса баламның өзіне-өзі келгенше жүре тұруымды сұраймын»-деп, қалатын болды.

Мен де жылап, апам мен бірге қалдым, Ереңіне өзі келіп, жездем алып кететін болды Осылай апам екеуіміз тау ішінде, жападан жалғыз, «Әулие кемпірге» сиынып қала бердік. От та жаққанымыз жоқ. Мұрдеге сүйеніп жатырмыз. Мен көпкі дейін ұйықтай алмадым. Байғыз ба, бөрі ме, әйтеуір таудың іші бір тынбай дыбысқа толы болады екен. Шешемнің ұйықтаған-ұйықтамағанын қайдам, анда-санда ыңқылдағаны болмаса, ештеңе айтпай, мені бауырына қысып жата береді. Мен таң қылаң бере ұйықтадым-ау деймін. Ертенгісін оянғанда күн сәске болып қалыпты, апам сап-сая адамдай от жағып, шәугімге су қайнатып жатыр. Бір мезгілде жездем Бөрібай да келді. Қайнаған суды ішіп жүріп кеттік.

Кейін үлкендерге шешемнің айтқандарынан ұққаным – зират басында түнегенде «Әулие кемпір» апамның тұсіне еніп, науқасына дем салып, «тілегінді қабыл еттім, балан ер жеткенше қасында боласың қорықпа!» деп, - аян беріпті, жарықтық. Әруағыннан айналайын!

Содан, қойшы, тауға-жайлауға жетіп, қоныстана бастадық. Әр жерде ағаш шанышып, алтыаяқ деген үйлерін тігіп жатқан әйелдер. Қек майсаны қақ жарып, шапқылап, асар салып ойнап жүрген балалар. Бір кезде біздің үйдің маңынан «шар» етіп жылаған баланың даусы естілді. Солай қарай жүгірдік.

Біздің үйде тұлымы жіберілген бір қыз бала жүретін. Соның аяғын жылан шағыпты. Арамызда егде адам бар еді. Молда дейтін. Үлкендер соны шақырып әкеліп көрсетті. Әлгі адам қолымен нұсқап: «Мына манды арқанмен керіп, қоршандар, сонан соң шөбін жұлып сиррексітіндер»-деп, жарлық берді Айтқаның орындастық. Өзі бір текеметті жайып жіберіп, үстіне жүресімен отырып, «оки» бастады. Елдің бәрі үндерін шығармай қарап тұр. Біздер, балалар да тып-тыныш бола қалыпты. Бәрі тансық!

Бір кезде молданың алдыңғы жағынан, шөбі оталған аланға ұзындығы 20-25

см шамасындағы жінішке, ақ жылан шыкты да, қазықша шанышылып , тікесінен тік тұрды. Молда дұғасын күбірлеп оқып жатыр. Жылан бір кезде «сылк» етіп , жерге құлап тұсті. Сол мезетте молда демін алып, терін сұртіп, «шаққан жылан осы» деді де, қыздың аяғындағы қызарып тұрған жерінен отқа қыздырылған инемен, бір нәрселерді шашып, алып тастап жатты,

- Енді, ештеге етпейді, жазылып кетеді, құдай бір сақтады- деп, айтты да өз шаруасына кетті. Әлгі қыз ертеніне-ақ жазылып, түк болмағандай бізге қосылып, ойнап кеткен еді. Ол қыздың кімнің баласы екені, аты-жөні есімде қалмапты. Бұл 1932 жылдың жазының басында болған оқиға болатын. 50 жылдай уақыт өткенде осы оқиғаны еске түсіруге мынандай жағдай себеп болды:

80-жылдардың басында, өзім аудандық кәсіподактардың төрағасы брлып тұрғанымда қызмет бабы бойынша «Бақанас» совхозына келдім. Сол совхоздың кәсіподак Комитетінің төрағасы Мәкібаев Жабықбай үйіне шәй ішуге шақырды. Дастанхан әзір болғанша: «Мына суретті қарай отырыңыз» -деп қолыма альбомды ұстатты. Өзі шаруасымен тыска шығып кетті. Әлгі альбомды қарап отырып, Бөрібай жездемнің суретін көрдім. Көзіме оттай басылды. Үйге, Жабықбай кірген кезде:

- Мына сурет сізде қайдан жүр?- деп, сұрадым. Жабықбай:
- Сіз Бөрібайды қайдан танисыз? – деді.

Ол кісіні танитынымды айтып, осы «жылан шаққан» оқиға туралы баяндан бердім. Жабықбай әйеліне айқайлат:

- Эй Ұлтай, Сені кішкене кезінде жылан шақпап па еді?- деп, сұрады. Сыртта жүрген әйелі:

- Оны қайтесін, шаққан –деп, жауап береді.

Жабықбай екеуміз аң-таң болдық та қалдық. Жоғарыда мен әнгімелеген, жылан шаққан қыз бала осы Жәбекенің әйелі Ұлтай болып шыкты. Оның менін жездем Бөрібайдың үйінде жүретіні – немере қарындасты болып келеді екен. Олар: Шағырдың ішінде Хангелдінің балалары. Хангелдіден- Жайылған, Досан: Жарболдан – Мұхамедше, Тәш, Ахмет: Мұхамедшеден-Бөрібай, Қыдырбай, Ахмет, ал, Тәштен-Ұлтай туған екен. Сөйтіп жұмбақ қыздың құниясы 50 жылдан кейін осылай өзінен өзі ашылды. Бұл да болса өмірдің бір қызығы да!

Күзге салым таудан түсу басталды. Ел асықпай бірінен кейін бірі көшіп, төмен қарай жылжып отырады. Малға мал қосылып, елдің берекесі кіріп, аққа тойынып қалған кез. Неліктен екенін білмеймін, әйтеуір, апам екеуіміз «Таутұрген», «Тұрген» деген жерлерді басып, Талғар арқылы Байсеркеге (СНК) соғып, кейінгі елді Шелектің маңында тосып алдық. Таутұрген, Тұрген маңында гүлдер көп өседі. Негізінен орыстар отырады. Тамақтары ток, там салып алған. Шаруашылықтары мықты, үйлерінің маңында қаптаған сиыр мен жылқы. Көбелек құған балалар. Оларға қызыға қараймыз. Кейін білдім, жоғарыда айтқан жайнаған гүлдер-арнайы есірілген «мак» екен. Олардан опиым жасайтын көрінеді. Оны да көрдік.

Қойшы, әйтеуір күзге қарай, сұық түс бастаған кезде мал қыстаратын маңға да жеттік-ау.

Бірақ, мен үшін куанышты болған күндер сол күзбен аяқталды. Бөрібай

жездемді, қасында бір-екі адаммен соттап жіберіпті. Себебін әлі күнгө дейін білмеймін.

Жездем сотталғаннан кейін көп ұзамай оны панарап отырған шешем, әпкем мені ертіп, көрпе-жастық, киім-кешегін арқалап, «Іле көпірі қайдасың?» деп, ауылға тартып отырдық. Әйтеуір бір қонғанымыз есімде қалыпты: Қаранғы. Жолдың өзін әрен көріп келеміз. Екі жағымыз (маған солай көрінуде мүмкін) биік ағашты тогай. Анда-санда ұлыған қасқырлардың дауыстары шығып қалады.

Бір кезде алдымыздан қызарған «от» көрінгендей болып, жалт етті де сөне қалды. Шешем бір алаңқай жерге тоқтап: «Осы жерге от жағып қонып шығамыз»-деді де, арқаларындағы жүктөрін түсіріп, шелек пе, кірлен бе, әйтеуір барлық темір, қанылтыр ыдыстарды қойғылап, «дынғырлатып», қатты айқайладап, біраз журді де, шөпшек, ағаш теріп, от жақты. Сол отты алаңның әр тұсына тұтатып (қораша секілді орналастырып), әрқайсысының жанына жағатын ағаш шөп шаланды жинап, үркөр төбеден ауа бірақ «тізе бүккен» еді. Апам бір жағымда, әпкем бір жағымда, мені ортаға алып жатқан болды. Мен қасқырлардың даусын естігеннен қорқып, түні бойы ұйықтай алмай, ертеңгісін жарық түскенде ғана көзім ілінді-ау деймін, әйтеуір.

Ертесіне, кешке қарай Іле станциясына жетіп, одан 3-4 шақырымдай «Бойна» дейтін мал соятын жерде тұратын Ақылбек жездемнің үйіне келдік. Өзі, әпкем-Ақсұлу, Мешітхан үшеуі тұрады еken. Үйлері –жер үй. Жылы. Ақылбек «Бойнада» мал союшы болып істейді. Күнде ішек-қарын секілді «сорпалық» әкеп тұрады. Біз де солардың үйінде тұрып жаттық. Аш емеспіз. Ақылбек екі иығына екі кісі мінгендей қайратты адам.

- Сойғанда орыстар үлкен малды балғамен ұрып жығады. Ол арам ғой, мен мүйізінен ұстап, бұрап жығып, бауыздап соямын. Мынау ішек-қарын сондай ірі қараніке, арам емес-деп отыратын Ақылбек Оның шаршап келгеніне қарамай, қеудесіне мініп ойнайтыным есімде. Сонда режімейтін, күліп еркелетіп жата беруші еді, жарықтық.

Жерде қар бар, күн сұық, Бір күні шанамен үйге бөтен адам келді. Шешеммен, әпкеммен, Ақылбекпен сөйлесті. Қанша қыншылық, аштық деседе, қазақ «қазақшылығын» қоймайды еken!

Ақылбек әкелген ішек-қарыннан қуырдақ жасап, бидаймен шәй беріп, келген адамды күтіп жатыр баяғы.

Содан, кешкі тамақты ішіп болған сон әлгі жолаушы шанасына мені, әпкемді отырғызып алды. Күн сұық. Ай қаранғы, әйтеуір, бір мезгілде бір үйге келіп кірдік-ау. Кірген бетте ортада жанып тұрған темір пештің қасына келіп отырдым. Жылынған сон көзім ілініп кетіпті. Қолымды пешкес басып алдым. Сондағы күйген жерімнің орны әлі бар. Сол жілігінің ұшындағы тыртық содан қалған. Орны ағарып тұр.

Сөйтсем, бұл келістің жайы былай еken: Жетіген станциясының жанында ол кезде «Октябрь» колхозы деп аталатын (казір Өтеген ауылы деп аталады) ұжымының бір бригадасында тұратын Нұралы деген азаматтың әйелі қайтыс

болыпты. Оның екі қызы бар, екеуі де бой жеткен, бірі күйеуде (күйеүінін аты Нұсіп, өз атын ұмытылғын). Екінші қызы тұрмысқа шықпаған, аты Қадиша, Сол Нұралы әпкемнің Ілеге келгенін естіп, (әпкем өте ажарлы адам еді), айттыра келіпті.

Ашаршылықтың үдең тұрган кезі (1933 ж.) Нұралы – еті тірі, пысық адам. Өзі де сымбатты, аз да болса ескіше-жанаша оқыған, ауылдағы білімді адамдардың бірі секілді. Өзі тұрган бөлімшениң басшысы болуы керек. Сондықтан да әпкеммен шешем «Айдалып кеткен күйеуі (6 жылға сотталған екен) аман келе ме, жоқ па? Оған дейін заман қандай болады, дұрысы жан сақтау керек» деген шешімге келіп, әпкеміз Нұралыға тұрмысқа шыққан екен. (Нұралы Өсербайұлы еді).

Тұрган жеріміз колхоздың орталығынан 10-15 шақырым жерде. Ол қыста мектепке барғаным жоқ.

Сондағы адамдардың пейілінің кендігі-ай! Бір күні мынандай оқиға болды: Біздің үйдің балтасын көршісінің баласы (жігіт адам) отын бұтауға сұрап алып, кешке дейін қайтып әкелмеді. Кешке қарай Нұралы келіп, ағаш кесуге балтаны іздеді. Жүгіріп үйіне іздең барсам, алған бала жоқ. Шешесі : «Қайда кеткенін кайдам, жана ағаның балтасын сындырып алдым, ұят болды, ренжиді деп, үйден шығып кетіп еді» деді. Үйге келіп, естігенімді айтып едім, «Ой ақымақ балта сынса сынар, өзі бір жерін жазымдап алған жоқ па? Пәтшағар ғой, мынау» деп, әлгі жігітті өзі іздең кетті. Бір кездे әлгіні тауып, үйге ертіп келді. Айтқандай-ақ, бір етігінің тұмсығын жанап шауып, ұлқен саусағын жаралап алышты. Жездем: «Абайламайсын ба?»-деп, оған ұрысып жүрсе, ол: «Ой, аға, балтаңызды сындырып, ұяты болдым»-деп, зарлап жүр. Өйткені ол кезде балта, балға, сол сияқты темір бұйымдардың таптырмайтын кезі.

Жаз шығысымен біз тұрган ауыл «қысқарып», орталыққа көштік. Үй жоқ. Колхоздың қамбасы шетке орналасқан екен. Сонда- бұрыннан соғылған бір бөлмелі, алдында кішкене ғана дәлізі бар бос үйге оналастық..

Колхоз темекі егеді. Жаздай бала біткен сонда жұмыс істейміз. Көктемде көшет отырғызамыз. Ертеден кешке дейін бүкшендең, зорыға құлаймыз. Жазға салым оның тәменгі жапырактарын 4-5 тен санап жұлғызады. Соны тәбесіне дейін жұлып біткенше құзге дейін қолымыз темекіден кетпейді. Киіміміз қара сірне. Келген соң фермаға барып (2-3 шақырым жерде). Байекен деген бастығынан талон алып, 0,5 литр сүт алымыз. Деншілігіміз балалар. Басымыз косылғанда шаршағанымызды ұмытып, ойнап, құмардан шығамыз. Кейде, баз біреулер өзімізбен бірге оқитын Байкеннің Сейтжан деген бұзық інісімен тәбелесіп те қалатын.

Байкеннің шешесі тірі кезі. Байғұс кемпір баласына ұрысып, қуырған бидайды бізге уыстап беріп, татуластырып жатады. Ал Бәйекеннің өзі «қыздай» жігіт. Ешқашлан дауыс көтермейтін. Сол Сейтжан бұзық болып өсті. Соғыстан аман оралған соң «Жоламан» бекетінің маңында 1948 жылты кісі қолынан қайтыс болышты деп естідім.

Өзім окуымды 1934 жылы үшінші класстан жалғастырдым. Әлгі ескі үйде қыстын бір уақытына дейін тұрдық. Жататын бөлменің он жак бұрышында пеш

тұратын. Есік жағындағы қабырғасында әпкем мен жездемнің ағаш төсегі. Ал, шешем екеуіміз сол төсекке аяғымызды қаратып, төр алдында жатамыз.

Үйде жездем жоқта қалай шам сөнісімен жатып қаламыз. Сәлден кейін, пеш тұрған бұрыштан үстіне ақ киген адамның ұлабасы көрінеді. Шешем екеуіміздің бас жағымызға келіп жайғасады. Сейлемейді. Соған қарап, қорқып демімді ішімнен алып, көзім бақырайып, жатамын да қоямын. Эйтесуір, тан қылан бере әлгі «сұлаба» жоқ болып кетеді. Соған дейін көз ілмеймін. Апам ұйықтап жатады. Бір күні апам: «Саған не болған бір жерін ауыра ма? Азып барасын ғой!»-деп сұрады. Барлық көргендерімді айтып бердім. Оны шешем әпкеме, әпкем күйеуіне айтып беріпті. Жездем басқа үй қарастырып ақыры жаңадан салынған колхоздың бір үйіне кірдік. Маған көрініп жүрген, пештен шығатын «сұлаба» ашаршылықта өлген сол үйдің иесінің рухы болса керек. Сол жерге жерленген еken. Соны білгеннен кейін жездем бір молда ертіп барып, құран оқыттырып, пешті бұздырып, басқа да ырымдарын жасатып еді. Екінші ондай нәрсе көрінбейтін болды.

Сол - «Октябрьде» өткізген екі жылым есімде мәнгі қалып койды. Өзімізben қатар жүрген, әрі көрші, окуға бірге барып, бірге қайтатын Оразбаев Есіркеп, Дүйсенқызы Қырғый, ұста Бекіштің баласы Сейілхан (шешесі Дарига деген Сарыүйсіннің қызы еді, бізге құдаша болып келетін), тағы да басқалары әлі есімде. Ол кезде адамдар бауырмашыл, мейрімді, әрі қанағатшыл келетін. Күндіз ертеден кешке дейін колхоздың жұмысын істеп, шаршап келгеніне қарамай, кешке бір үйге жиналышп, өлең, әнгіме айтып түннін бір уағына дейін отыратын-ды.

Бірде, мынандай оқиға болды: «Октябрьден» «Фрунзеде» тұратын Нұсіптің үйіне бардым. Арасы 10-15 шақырымдай, Күндіз темекіде жұмыс істеп, кешке сонда барамын (балалық қой). Кешкі асты (бидай мен шай ғой) ішіп алған соң, үй иелері (әпкем мен күйеуі), бір үйге баратын болды. Шаршаганымды жаңа біліп, мұлгіп отырсам керек. Маған төсек салып беріп, өздері баратын жеріне кетті. Ертеңіне оянғаннан кейін үй иелері: «Әй, қарағым-ай, бізді бір корқыттың ғой!»-деп күледі. «Неге?» деймін. Сөйтсем, олар үйге оралғанда мен қатты ұйықтап, оянбай, есікті ашпаптын. «Мынаның дені сау емес, өліп қалған шығар!»-деп, зәрелері ұшыпты. Соңан соң олар терезені алып, содан кейін үйге кіріпті. Менін тірі екенімді көргеннен кейін барып, көнілдері орнына түсіпті.

Сол жерде (Октябрьде) тұрғанда көрші бір кемпір тұрды. Баласының аты-Ботбай. Өзі әдемі жігіт. Бригадир болып істейтін сияқты еді. 1935 жылдың күзі суық болды. Бір күні әлгі көрші кемпір менің шешеме келіп, түнде тұс көргенін, онда самаурынына су құймай от салып, оттығын түсіріп алғанын айтып, абыржып отырды. Шешем: «Тұс тұлқінің боғы» деген, мына күннің суығына көрінген гой!-деп, жұбатып шығарып салды. Содан кешікпей мынадай оқиға болды:

Колхоздың бір топ активтерін ауданға (онда ауыл Іле ауданына қарайды, ал, аудан орталығы-Талғар) шакырады.

Күн суық, жол тайғақ. 7-8 адам колхоздың «полутаркасына» мініп кеткен. Іле-Алматы жолында өзекшеден өтетін көпір бар. Қысы-жазы су ағып жатады. Сол көпірден өте бергенде автомашина жиегіне соғылып, суға аударылады. Устіндегі адамдар түгел құлайды. Су саяз. Тек үсті -бастары айманда болады. Басқа денелері

аман. Судан шығысымен бәрі алдағы елді мекенге тез жетейік деп, жапа тармағай жүреді.

Келе жатқанда жолдан жырақта жиналған (маяланған) шөп көрінеді. Ботбай: «Әй, жігіттер, шөптің асты жылы болады, сонда барып паналайық»-дейді. Оған басқалар көнбейді. Ботбай жалғыз өзі сол шөпке жылынуға кетеді.

Ауылға жеткен жігіттер үйге кіріп, кептірініп, сол жерден трактор алып, машинаны шыгарып, қорасына әкеп қойып, енді Ботбайды іздейді. Қойши, қысқартып айтқанда, Ботбай сол шөптің астында тонып өліпті. Оны алып келгенде: «Сенің түсіннен жалғызыннан айырылатынынды сезіп едім-ау. Құдайдың ісіне амал жоқ көнесін!»-деп, шешемнің егілгені әлі есімде. Сол кемпір, аяғы, сол жылы жынданып, қайтыс болды. АナンЫҢ жаны өзі тапқан баласымен бірге араласып жүрсе керек. Байғұс кемпірді жерлегенде күніреніп, толқымаған адам қалмаған шығар ауылда.

1936 жылдың көктемі ертешықты. Бірақ біз (шешем екеуіміз) үшін қуанышты болмады. Өйтені, бір күні әпкем Пысталхан келінін ертіп, (атын ұмытылған), отын үшін жусанның түбірін жинауға ауыл сыртындағы ескі қыстақтар бар жаққа кеткен.

Отынды қанаға салып жинайды. Әпкем бір-екі рет басын көтеріп, отын жинап жүрген келініне қарап: «Сен не естідін?»- деп, сұрапты. Келіні: «Ештеңе естігенім жоқ»-дейді. «Ендеше, осы алғанымыз жетер, қайтайық»-деп, ауылға бет алады.

Жолда келе жатқанда әпкем: «Жанағы жерде отын теріп жүргенде менің атымды атап, біреу екі рет тіл қатқандай болды. Қоңіліме қорқыныш ұялады. Сондықтан «қайтайық» дедім»-деп, айтыпты. Ертеңіне ауырды. Бірнеше күн жатып, қайтыс болды. Ел болып, ауыл қасындағы қорымға жерледік.

Жездеміз адам жерлеудің барлық рәсімдерін жасаттырды. Тіpten ол кезде ешкім бата бермейтін жағдай. Құран шығартты .

Молданы Талғар жақтан ертіп келді. Халық катты риза болды. Қөпке дейін ел арасында ол туралы жылы әнгіме болып жүрді. Сол жездемді соңғы рет іздеп барып (Көжек ағамыздың арқасында), 1938 жылы көріп, бір түнеп кетіп едік, жездем (кейін сұрастырысам) соғыстан аман оралып, 1946 жылы Женіс мерекесін тойлау кезінде көкпар тартып жүріп, аттан құлап, қайтыс болыпты.

Кейін елден естіген әңгімем: Әпкем қайтыс болған сон жездем: «Менің алған әйелім өле береді, енді күйеуі өле беретін әйел аламын»-деп күйеуі өле беретін-бес рет күйеуге шықкан бір әйелді естіп, соған үйленіпті. Ақыры сол әйел артында қалып, өзі қайтыс болыпты. Бұл да құдайдың құдіреті болса керек!

Әпкемнің қырқын берген сон, көп ұзамай, 1936 жылдың март айында, каникул кезінде Көжек ағамыз іздеп келіп, шешеміз екеуімізді елге алып кетті. Іле стансасына дейін Жетігеннен поезбен келіп, сол жерде бірнеше күн тосып, Рабкоптың жүк таситын «полуторкасымен» Бақанасты бетке алып, жүріп кеттік. Ол кезде жалғыз-ак жол. Өйткені, машинаның өзі екі араға айна 3-4 рет қана қатынайтын болуы керек. Наурыздың үшінші он күндігі. Күн жылы. Қек шыққан, кәдімгі жаздың күніндей еді.

Тасмұрынға жеткенде сәске болып қалған. Бір үйге кіріп, сусын іштік. Сол үйдің мен қатарлы баласы Бақанасқа баратын болып, бізге қосып жіберді. Кейін білдім ол үй – Сарсегайдіке. Бізге қосып жіберген бала – Сарсегайдің баласы – Шәми. Ол кезде жол Шадайдың құмының солтүстік шығыс қапталы арқылы төбелерді бектерлеп жүретін.

Бір жерге келгенде машина бұзылды. Шөлдей бастадық Машинаның жүргізуісі май-май болып, жөндеудің әрекетінде. Әйтеуір бір кезде артымыздан бір машина келді. Шәми екеуімізді «шөлдеп қаласындар» деп, соған мінгізіп жіберді. Шешеммен Кожек екеуі жүргізуінің қасында қалды. Біздер Бақанасқа түс ауа жеттік. Шәмидің шешесінің үйі бар екен, ертіп сонда экелді. Қазіргі аэропорттың кенсесі орнының маңайы. Жер там. Бір-бір кесе көже ішіп, кешеге шықтық.

Төсте әр елді мекен әжептеуір қанат жайған болтын. Үйлері де енселі. Менің көзім соған үйренген, Бақанас тым кішкентай, бір ойыншық қалашық секілді көрінеді маған.

Бақанастың сол кездегі келбеті мынындай: Аэропорттың алаңы. Оған анда-санда «кукурузник» қонады. Бұрынғы бұзылған мектеп маңында қоржын іспеттес төрт бөлмелі мектеп үйі. Аэропорттың алдында ұзынша, біріне бірін жапсыра соккан оншакты үй. Қазіргі сот кенсесінің орнында-сот үйі ғимараты. Қазіргі аудандық тұтыну қоғамы қоймаларының бұрышында «Нефеводдың дүкені»-жартылай жер бетіне орналасқан. Оның сол жақ бүйірінде-және бір дүкен. Қарсысында ескі «киоск», қазіргі универмагтің орнында аудандық прокуратура. Қонаев көшесінің сол жағында өзен жағасын бойлай біраз үйлер бар екен. Байкуатов көшесінің қазіргі «Мұхтар» дүкені тұрған жерінде де үйлер болды. Одан сәл төмен «Ет дайындау кенсесінің» қорасы бар. Қазіргі Токтасынбаев көшесі мен Бижанов көшесінің қылышының төменгі жағында аудандық аурухана. Ал, сауда дүкендерінің төменгі жағында, Балалар әлемі тұрған жерде мекеме қызметкерлерінің үйі, қасында ауыл Кенсесінің ғимараты, қазіргі «Метрология станциясы» орында одан әрі «Дайындау канторы»-Бір үйді «Кендіртрес» деп атайды екен-сол тұрды. Қазіргі салық инспекциясының орнында НКВД-ның кенсесі, Іле жағында «абақтысы», төменгі жағында да тұрғын үйлер болды. Ол үйлердің бәрі бір-бір бөлмеден ғана, дәліз арқылы белінген болатын.

Қазіргі ҰОС құрбандарына арнап тұрғызылған ескерткіш тұрған жерде кішкене «Клуб» үйі, карсы аланда «базар». Онда 10-15 метр шамасында, ұзынша стол тұратын.

Шәми екеуіміз сол манды аралап жүрдік. Ойлаймын- Шәміге «қала» сияқты көрінеді, маған «дала» сияқты. Әйткені мен Қарабұлақта тұрғанда Алматыны арладым. «Октябрьде» тұрғанда «Жетіген» сияқты елді мекендерді, Іле станциясын көргендіктен бе, маған Бақанас кіп-кішкентай болып көрінді.

Аралап келе жатқанда бір егде әйел кездесіп: «Әй, сен, Өрік әпкемнің баласы емессің бе?»-деді. «Ия»-дедім.

Ол мені құшақтап, бетімнен сүйіп: «Жүр сені, осында тұратын бауырын бар, сонын үйіне ертіп барайын»-деп, қолымнан ұстап, ала жөнелді. Шәми қалды.

Әлгі шешей бір үйге ертіп келіп, мені таныстырып жатыр. Үйдегі әйел көп сөйлемейтін адам екен. Қолымнан алып, бауырына басты да, отыратын жерімді нұсқады. Жайылған алаша үстіне барып отырдым. Үй жалғыз бөлмелі. Іші, шамасы -3х4м секілді. Үйде 2-3 бала, шашылған жайалық, балалардың киімі, бір шетте шыбыны құжынаған ыдыс-аяқ. Ен кішісі жылап жатыр. Женгеміздің бұрылуға қолы тиетін емес. Жылаған баласына қарамай маган бір кесе сүтке тары араластырып берді. Жеп алдым. Рахметімді айттып, ертіп келген апайға қарап едім, ол: «Осында Жәменке де жүрген шығар, бағана сүт сатуға бір топ бала келген еді. Енді соны іздейік, жүр»-деп, мені ертіп сыртқа шықты. Сонан соң ғана кімнін үйі екенін айтты. Бұл бауырың, аған Нарбай баласы Байділданың үйі. Өзі осында, милицияда істейді. Жаңағы женген-Боран.

Көшені біраз аралаган соң мойындарында ыдыс салған дорбалары бар 5-6 бала кездесті. Шешесі оларды шақырып алып, бір қара домалағына: «Мынау сенің аған, Сейдахмет болады. Шешен қунде қашан келеді деп жүр еді, ауылға тез апарындар»-деп бұйыра сейледі.

Жәменке ініммен танысып, бәріміз «Уш Бақанас» арнасы шығатын Іленің табанын басып, «Нефтебаздың» үстімен ауылға бет алдык.

Ауыл Бояулының қыстағында екен. Ауылда жер бетіне салынған екі-ак там бар. Басқалары- жертам. Сол екі үйдің бірі-Көжектіке. Сол үйдің төбесінде бір әйел адам тұр. Соны нұскап Жәменке: «Анау біздің үй, қарап тұрған женешем ғой»-деді. (оның шешесін «женеше» дейтіні-тұнғыш баланы әке-шешенің еншісі деп есептеп, солардың баласы санайтын-ды). Осылай Сырбаз женешемді бес жылдан соң қайта көрдім.

Сырбаз женешем маған бір түрлі ыстық көрінетін. Дүниедегі ең сұлу, ең сүйкімді, ең ақылды, ең қайырымды адам сияқты болушы еді маған.

Бізді көргеннен, женешем үйдің төбесінен түсіп, қарсы жүріп келіп, құшактап, жылап, аймалап жатыр.

Бақанасқа келгелі, жүрген оргамды бөтенсініп, тосырқап жүрген мен, енді туыс жылы ортаға кіргендей болдым. Біздің соның ішінде менін Бақанасқа келгенімді ешкім айтпаса да, женешем жүрегімен сезіпті. Өз айттысына қарағанда, бір түрлі тағат тауып отыра алмай, «Кеудемді қуаныш кернегендей, далаға шығып, жол жаққа қарай бергім келді» дейді, асыл женгем!

Койши, әйтеуір, сол күні кешке қарай апам мен Көжек ағам келді. Үйге ауыл адамдары толып кетті. Дастанхан жайылып, бидай шашылып, шала (өз шамасында) той жасалғандай болды. Сөйтіп, бес жыл өткенде, апам айтқандай, өз бауырларымның арасына қайта қосылып, өмірдің жаңа бір арнасына түскендей болдым.

1934 жылдан бастап ашаршылық зардабы азайып, елге береке кіре бастады. Сол береке Балқашта да көрініс бергендей... Ел есін жиып, ағайын-туыс, жегжат-жүраттарын іздей бастаған уақыт. Не деген бауырмашылдық десенізші!

Біздің де аман екенімізді естіген Сырбаз женгем Көжек ағамыздың мазасын ала беріпті: «Соларды тауып, ала кел»-деп. Сырбаз женгемнің «бұйрығымен» ағамыз іздел, «Октябрьге» келіп, бізді алып қайтқан екен. Көжектің үйінде, сол

кезде, Тынықшешеміз, Ақбөпе, Аймұхамбет ағаларымыз, Бәкібала женгем, Дарига, Жәменке-балалары және Мамытбек деген Сырбаз женгемнің туған інісі тұрады. Солардың үстінде бізді алдырган. Не деген ізгі жүрек, неткен мейірбандық, неткен кендік десенізші! Қазіргі заманның өзінде «өзіміз зорға отырғанда олардың керегі не, өз күндерін өздері көрер» дейтіндер табылып қалады. Сырбаз женгемнің бұл жасаған қайырымды ісі ерлікпен пара пар! Бастан өткерген қындықтарға қарамастан бұл әрекетте елдік қасиет жатыр. Бауырмалдықтың асқақ көрінісі бұл!

Сол кездегі адамдардың адамгершілігін ашып көрсететін және мына оқиғаны айта кеткенді жөн көрдім.

Жұматай деген әпкеміз болды. Денелі қайрагты болатын. Анау-мынау еркектеріне бой бере бермейтін. Барған жері-шегелек Бақаев Ахмет деген еді. Кәдімгі, қазактың дәстүрі бойынша, айттырып құда түсіп дегендей, халық дәстүрімен тұрмыска шықты. Күйеуі жасынан «құржік». Шамасы, әке шешелері олар дүниеге келмей тұрып, құда түсіп койған болуы керек.

Ашаршылық кезінде олар да елмен бірге «Төске» ауған болатын. Ел есін жинай бастаған, 1934 жылы олар да басқалар сияқты елге қайтқан. Қолік жок.

Аштықтан жаңа ғана ес жиған, әлі қуаттана қоймаған адамдар көрпежастықтарын арқалап, әйтекеүір, ілбіп жылжып отырады. Сол көштің ішінде біздін Жұматай әпкеміз де күйеуі Ахметті Қолындағы төсек орнымен косып, арқалап алып, ілесіп отырады екен.

Ахмет-өзі кемтар, өзі аштықтан қатты бұралып, өздігінен журе алмайтын халге келген. Аштықтан болатын іш ауыру мензеп, қадам басқан сайын оны арқасынан түсіріп, дәретке отырғызып, тазалап қайта отырғызып, тазалап қайта арқалап-ауыр машахат, көріпті! Әпкеміз соның бәріне көніп, кәдімгі жас баласын құтқен анадай әлпештеп, қас қабағына қарапты. Оны қасындағылар байқап келеді екен.

Бір күні Ахмет нашарлап, әпкеміздің жуынып-шайыуының өзі қындал, мазасы кетіпті. Сонда қасында келе жатқан адамдар: «Әй, Жұмақтай, бұл байғұсты арқалап жүріп өзің өлеңтін болдың ғой. Бұл адам болудан кетті. Енді бір күн жүрсөн сен өзің де қалден кетесін. Оданда бір сұы бар жерге келгенде бір-екі құндік азығын қасына қойып, қалдыр. Алла жәрдем етіп, тірі қалса ауруынан жазылса келер, келмесе кетер» – деп, ақыл айтыпты. Сонда Жұматай әпкеміз: «Әй халайық, көтерсем мен көтеремін Сендердің нелерін кетті оған? Құржік те болса құдай қосқан қосағым емес пе?! Тірі кезінде тастап кетіп, құдай алдында кіналы болғым келмейді. Өлсе, арқамда жүріп өлсін. Қолымнан жерлен, адамгершілік парызымды өтеймін. Аллаң алдында арым таза болсын!»-деген екен. Сол әпкеміз Ахмет жездемізді елге аман-есен жеткізіп, аяғынан тұрғызып, одан-Қамбар, Сайлау деген екі ұл көріп, олар ер жеткен шақта, 1961 жылы қайтыс болды.

Пендешилік-ай, десенізші! Сойткен Ахметі соғыс жылдарында әпкемізді тастап, жас әйел алмақшы болып «желпініпті». Сонда әпкеміз «Ашаршылықта мен болмағанда өліп қалар едін ғой, сорлы-ау! Сол еңбегімді «аяқпен тепкізе» алмаймын. Мұнынды (желікпенді) қоймасаң аяғынан төсекке байладап, үйден

шықпайтында етіп тастаймын»-деп, коркыткан еken. Осы әңгімелерді елден естіген соң, 1950 жылдардың басында Бахбахты колхозына іссапармен барып, үйлерінде қонақ болып отырып, жездеме айтып беріп, «осы рас па?» дегенімде, ол байқұс: «Бәрі рас, әпкелеріңе өмірлік ризамын. Менің істеп жүргенім әпкелеріңе жасаған еркелігім ғой»-деп, кенкілдеп, құлғені бар. Не деген адамгершілік, не деген адалдық, не деген парасаттылық десенізші!

1936 жылдың наурыз айының аяғына таман «Бояулыдағы» елге қосылып, туган жер топырағына табанымыз тиді-ау, әйтеуір.

Балалар каникулы бітісімен, бұрынғы жерден ешқандай қағазым болмасада, Сырбаз женешем «бір жыл болса да окуынан қалмасын» деп, Бақанасқа ертіп келіп, аудандық білім бөліміне, барып жүріп, мені орналастырды. Соның арқасында оқудан қалмай, 4-ші класты бітіріп шықтым.

Оқу жылы бітіп, каникулге шығысымен, елмен бірге Бахбахтының сазының төменгі бітісінде «Шенгелді Қарын» деп аталатын тубекте отырған ауылға келдік. Ол жердің екінші аты-«Еркожаның мешіті». Сол жерде саманнан салынған бір бөлмелі там болушы еді. Сол Еркожа (Нұрайдар Қожаның туысы) салдырған мешіт болған еken. Кейін құлап қалған. Сол маңда «Қашқынның тоганынан» су алып, ауданның біраз колхоздары егін еккен.

Бір күні өзімен бірге ойнайтын Оразбаев Наурызбайдын шешесі Хатша апамыз: «Қарағым, үйге келіп тамақ ішіндер»-деп, шақырды. Даңада ойнап жүрген балаға: «Тамақ ішіндер» деп, арнайы шақыру құрмет сияқты көрінеді еken.

Бардық, дастарханда шашылған бидай, шай қайнап тұр. Үйде Хатша шешемізден басқа ақ-сары қыз отыр. Шай ішіп болған соң біз кетуге айналғанда Хатша шешеміз: «Қарағым, Сейтжан, кішкене отыра тұр, айтатын әңгіме бар»-деп, тоқтатты. Әлі он үшке де толмаған менде қандай бөтен ой болсын отыра кеттім. Сондағы шешеміздің жылап отырып айтқаны:

- Қарағым Сейтжан, сенің әкенмен мына отырған Қанапияның әкесі сендер тумай тұрып, айдалада кездесіп, төс қағыстырып, құда болған еken. Содан алдымен мен қыз туыппын, ол мына отырған Қанапия. Сен одан соң екі жылдан соң тудын, Қанапияның інісі Наурызбаймен жастысың. Уақыт өзгерді. Қазір біздін шал да, сенің әкен де жоқ. Заман болса ауыр. Қыз болса он беске келді. Ұстап отыруға болмайды. Рұқсатынды бер, қарағым, Қанапия тұрмысқа шықсын. Құдай алдындағы қарызынды кешір-деп, жанарына жас алғаны әлі есімде. Мен бұл әңгіме туралы шешемнен бұрын да естіген едім. Ойымда қалған болатын. Бірак, үлкен кісіге табан астында не деп жауап беремін. Ондай шамам да жоқ. Төмен қараған бойы үйден шығып кеттім.

Ол әңгімені сол сәтте ұмытып, ойынға кірістім. Ол сез сол жерде қалды. Ал, Қанапия кейінірек Мұсахан деген жігітке тұрмысқа шықты (он бес жасында). Ол соғыстан қайтпай қалды.

Өмірі «құдалық» жөнінде ешкімге сез еткен емеспін. Тек қайтыс боларынан бір екі ай бұрын, олай-бұлай бола кетсе, ауыр болмасын «деген оймен, баласы Серікбайға шындықты айтып, шалдын (әкемнін) берген қалың малын «қарыз» демей, кешірім берейін»-деп, арнайы барып, «кешірім» еткенімді айттым. Сөйлесуге